

Адамдардың нейромаркетингі жақсы немесе жаман деп қабылдауының себебі біз сипаттаған этикалық жағдайларды растайды. Денсаулыққа зиян газдалған сусындар шығарушы компания оларды семіздікке шалдыққан адамдарға сатуды көбейту үшін қолданады. Қосымша құн қосылмаған, олар басқаларға көмектескісі келмейді, яғни зиянды әрекеттерді қолдайды және олардың мақсаты тек таза пайдаға бағытталған. Компания қайырымдылық науқанын көбейту үшін ми жайлы ақпаратын қолданады ма? Жақсы! Олар басқаларға көмектеседі, сондықтан қоғамға құндылық қосады. Тағы бір айта кететін жайт, нейромаркетингің не істейтіні емес, керісінше басқалардың ол ұсынған ақпаратпен не істейтіні маңызды. Сондықтан әртүрлі ғалымдар қатаң этика кодексын қолдайды. Бұл нейромаркетинг әсер етуі мүмкін қоғам мүшелерінің белгілі бір топтарын (мысалы, семіздікке шалдыққан адамдар) қорғауға бағытталған. NMSBA Әдеп кодексі жақсы мысал бола алады, компаниялар нейромаркетинг индустриясының ең жоғары этикалық стандарттарын сақтау үшін осы кодексты жасады.[6]

Нейромаркетинг индустриясы үшін Әдеп кодексі үш маңызды мәселені қамтиды:

- қоғамның нейромаркетерлердің заңдылық пен тұтастығына сенімін қалпына келтіру
- нейромаркетологтарға зерттеу қатысушыларының құпиялылығын қорғауды қамтамасыз ету

- нейромаркетинг қызметтерінен сатып алушыларды қорғау[7]

NMSBA Әдеп кодексін барлық маркетингтік қатынастарда қолдану негізінде елімізде орын алып жатқан немесе орын алуы мүмкін мәселелер жиынтығын шешу жолында маңызды құрал ретінде пайдалануды негізге алған дұрыс шешім деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Б. Рахимбаев Маркетинг теориясы және практикасы: Оқу құралы.— Алматы: «Нұр-пресс», 2009.— 372б.
2. Madan C. R. Neuromarketing: the next step in market research? Eureka. – 2010.—34-42б.
3. Беллден С. Р. Нейроэкономика және нейромаркетинг. Практикалық қолдану және этикалық мәселелер // Mind theory. - 2008-258б.
4. Назаров И. Тайны нейромаркетинга: как повлиять на подсознание покупателей, www.shopolog.ru
5. Франция Республикасының Азаматтық кодексі.
6. М.Одекеркен Нейромаркетинг этикасы – Neurofied, 2018.
7. NMSBA (Neuromarketing science and business association) Әдеп кодексі.

Кусаинова И., Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық Университеті, Бизнес, құқық және технология факультеті Ю-18-1к тобының студенті
(Ғылыми жетекші - заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Мағдатова Қ.Ж.)

ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ МЕН АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Адам құқығы мәселесі әрқашан актуалды тақырып. Қаншама жылдар мен ғасырлар бұрын адам өз құқықтарының бар екендігін түсінген, бірақ оның құқықтары әлі күнге дейін кейбір мемлекеттерде илеусіз қалуда, әсіресе шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың. Азамат аталған соң сенің өмірін жеңілірек, өйткені саған құқықтар мен міндеттер бірдей жүктеледі, бірақ сенің азаматтық алмауын немесе алып, басқа мемлекетте өмір сүруің неге саған қиындық туғызу керек?! Ол қандай қиындықтар деген сұрақ туады. Мені бұл мақаланы жазуға итермелеген Қытайдағы отандастарымыздың өз еліңе орала алмай жатқаны болатын. Олардың айыптары қаншалықты шын немесе неліктен олардың құқықтарың қорғау соншалық ұзаққа созылғаны туралы ойлар келеді. Бұл сұраққа тек бір жауап естідім, ол - «Қытай заңының солай болуы». Қашаннан бері заң адам құқықтарынан жоғары тұрады, заңның өзі құқықтарды қорғау үшін керек емес пе, керісінше емес?! Тұжырым-азаматтығы жоқ адамдар мен шетел азаматтарының құқықтарының қорғалуы мен сақталуы толық түрде емес және мақаланың басты мәселесі осы.

Әр елде мемлекет азаматтарының құқықтық жағдайы, онда тұрып жатқан шетел азаматтарының өзгеше екені барлығына мәлім. Бұл ерекшелікті белгілі бір мемлекет аумағына қатысты шетел азаматтары құқықтарының кейбір жағдайларда шектелгендігінен көре аламыз. Мысалы, кейбір мемлекеттерде жергілікті жұмыс күштерінің мүдделерін қорғау үшін шетелдіктердің заңды қызмет етуіне қатаң шектеулер қойылған. Ал, басқа мемлекеттерде

этникалық тепе-теңдікті сақтау үшін азаматтық алу мен тұруға рұқсатнама алудың ерекше күрделі процедурасы белгіленген. Жалпы ереже бойынша, заң шетел азаматтарына мемлекеттік қызметтермен айналысуға, сайлауға қатысуға, кейбір істермен айналысуға және т.б. тыйым салады. Ұлттық және мемлекеттік мүдделерді қорғаудың аталған шаралары кейбір адамдарға ұнамауы мүмкін, бірақ егер олар заң негізінде орындалатын болса, түсінікті әрі кең көлемде қолданылатын шаралар болып табылатыны даусыз. Жағдайлардың осылайша орын алуын Қазақстандағы шетелдіктерге берілетін құқықтар мен бостандықтарды талдау негізінде байқауға болады. Қазақстан Республикасында шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар әкімшілік құқықтың субъектілері болып табылады және Қазақстан Республикасы азаматтарының құқығындай құқықты пайдаланады. Бірақ сонымен қатар, оларға қойылған белгілі бір шектеулер де бар. Шектеулерге нені жатқыза аламыз? Мысалы, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар мемлекеттік билік органдарын сайлай алмайды және оған сайлану құқығы да болмайды, олар әскери міндет атқармайды, саяси мақсаттарды көздейтін бірлестіктер құруға құқығы жоқ. Оларға да жүктелетін міндеттер бар, олар: Қазақстан Республикасының Конституциясын құрметтеуге міндетті, Қазақстан аумағында тұру үшін және орын ауыстыру үшін рұқсат алуға міндетті болып табылады. Егер бұл талаптарды бұзса жауапкершілікке (әкімшілік, қылмыстық) тартылуы мүмкін. Ал, дипломаттардың құқықтық жағдайы халықаралық ережелермен реттеліп отырады. [1]

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауындағы «Мәңгілік Ел» идеясы, әлемнің ең дамыған 30 елдің қатарына ену барысында шетел мемлекеттерімен тығыз байланыста болуы, шетелден Қазақстанға мамандардың келіп жұмыс істеуі орын алады және осы жағдайларды қарастыра отырып, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайының ескерілуі маңызды мәселе болып табылады. [2]

Қазақстан Республикасы, өз кезегінде, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бекітуде халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаларына сүйенеді. Қазақстанның егемендік алып, тәуелсіз мемлекет аталып, мемлекет ретінде дамуы барысында көптеген мемлекеттермен дипломатиялық қатынастар орнатуына алып келеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасына жылдан-жылға әртүрлі жағдайларға байланысты шетел азаматтарының келуі орын алуда. Осы тұста біздің мемлекет алдында оның аумағына келуші шетел азаматтары қандай құқықтар мен міндеттерге ие бола алады деген мәселелер кешені пайда болды. Бұл мәселе тек теориялық қана емес, тәжірибелік маңызға ие екендігі даусыз. Бұл мәселелерді шешуде, әрине, кез-келген мемлекет халықаралық-құқықтық нормаларға сүйенетіні сөзсіз, сондықтан да халықаралық құқық нормаларының шетел азаматтарының құқықтық жағдайын реттеуге бағытталған кез-келген ішкі заңнама нормаларынан басым күшке ие болатыны айқын.

Қазақстан Республикасында шетелдік азаматтардың әрекет қабілеттілігі қағидасын Қазақстан Республикасы Заңнамасымен анықтау:

Қазақстан Республикасы аумағында шетел азаматтарының зиян келтіру салдарынан туған жауапкершілігінің азаматтық әрекет қабілеттілігін Қазақстандық құқықпен анықтайды.

Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың әрекет қабілеттілігін шектеу, оларды хабар-ошарсыз кетті немесе қайтыс болды деп танудың Қазақстан Республикасының Заңнамасымен жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы аумағында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Конституцияда, Заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Республика азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.

Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы Қазақстан Республикасының Заңдары Ел Конституциясына негізделеді, соған сәйкес Қазақстан Республикасындағы шетелдіктердің әкімшілік-құқықтық мәртебесіне жататын нормативтік ережелер «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылы 19 маусымдағы Заңында қаралған.

Қазақстан Республикасындағы шетелдіктердің құқықтық жағдайы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Халықаралық шарттарымен де анықтала алады. Егер Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шартта аталған заңнан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

«Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға кімдер жататыны айқындалған. Қазақстан

Республикасының азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі бар адамдар Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер болып танылады.

Тұрақты және уақытша тұратын жері бойынша Әділет органдарына тіркелуге міндетті. Қазақстан Республикасында өзгедей заңды негізде жүрген, сондай-ақ оларға қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес ауыр немесе аса ауыр қылмыстар деп танылатын әрекеттер жасалынуы салдарынан жәбірленуші деп танылған субъектілер Қазақстан Республикасында уақытша жүрген деп есептелінеді. Олар Қазақстан Республикасы аумағынан келген сәттен бастап үш тәулік ішінде белгіленген тәртіппен төлқұжатын тіркеуге және өздеріне белгіленген болу мерзімі өткен соң Қазақстан Республикасынан кетуге міндетті.

Жоғарыда аталған Заңнамалық актілерде шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келуі мен кетуінің шарттары мен тәртібі бекітілген. Шетелдіктер, егер Қазақстан Республикасының тиісті тараппен келісімді өзгеше тәртіп белгіленбесе, жарамды паспортымен немесе оны алмастыратын құжаттармен Қазақстан Республикасына келу визасы болған жағдайда Қазақстанға келе алады.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан азаматтары сияқты жалпыға бірдей заңдық міндеттер орындайды. Қазақстан Республикасында тұратын шетелдіктер заңдарда белгіленген тәртіппен тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы
Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 Заңы, http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002337_2. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы, 21 қаңтар 2050 жыл, <http://akm.prokuror.gov.kz/kaz/baspasoz/makalalar/elbasynyn-kazakistan-zholy-2050-bir-maksat-bir-mudde-bir-bolashak-atty-kazakistan> (2019.27.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

2. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету құқығына Қазақстан Республикасының аумағында визаны беру, қалпына келтіру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 180 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 сәуірде № 15042 болып тіркелді.

Кушнарченко О.С., Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, группа Ф-13П, магистрант

(Научный руководитель – к.э.н., доцент Калкабаева Г.М.)

ФОРМИРОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНОЙ ПОЛИТИКИ ПО ПРИВЛЕЧЕНИЮ ПРЯМЫХ ИНОСТРАННЫХ ИНВЕСТИЦИЙ В ЭКОНОМИКУ КАЗАХСТАНА

На сегодняшний день внутренние инвесторы не могут обеспечить полностью необходимый объем инвестиций в экономику нашей страны. Поэтому возникает необходимость привлечения иностранного капитала не только в стратегически важные отрасли топливно-энергетического и минерально-сырьевого секторов, но и в перерабатывающую сферу, где потенциал Казахстана в будущем огромен.

Согласно докладу ВСГ «Инвестиции в Центральную Азию: один регион, множество возможностей» инвестиционный потенциал Казахстана составляет «до 100 млрд. долл. США, из которых только в несырьевые отрасли может быть вложено до 40 млрд. долл. прямых иностранных инвестиций в течение следующих 10 лет» [1]. При этом Казахстан лидирует среди Центрально-Азиатских стран по большинству социально-экономических показателей развития за период 2008-2018 гг. Так, доля ВВП Казахстана в Центрально-Азиатском регионе составляет около 60%, а показатель ВВП на душу населения – 8837 долл., что является самым высоким показателем среди стран региона.

Основной приемлемой формой привлечения иностранного капитала для Казахстана являются прямые инвестиции. В этой сфере для иностранных инвесторов создаются благоприятные условия. Достижение благоприятного инвестиционного климата в стране и дальнейшее привлечение прямых иностранных инвестиций в экономику Казахстана является важнейшим стратегическим направлением государственной политики и объективно необходимым процессом. Приток прямых иностранных инвестиций в Казахстан осуществляется посредством создания совместных предприятий с участием иностранного